

Халықаралық Төреліктің Лондон Сотында "Металз Руссия" компаниясымен сот анықтауы бойынша консультант тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 қараша N 1438

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970163_ Заңының 24-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Халықаралық Төреліктің Лондон Сотында қаралатын "Металз Руссия" компаниясының талап-арызы бойынша сот анықтауында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :
 - 1) бір көзден қызмет көрсетуді сатып алу әдісімен консультант тартсын;
 - 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан тартылатын консультантпен консультациялық қызмет кешенін көрсету шартын (бұдан әрі - Шарт) жасассын;
 - 3) тартылатын консультантқа Халықаралық Төреліктің Лондон Сотында Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүддесін білдіруге сенімхат берсін.
2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Шартқа сәйкес аванс

төлеуді жүзеге асыру үшін 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 85 000 (сексен бес мың) АҚШ долларына баламалы сомада ақша бөлінсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК